

**САПА САЛАСЫНЫҢ
МАҚСАТТАРЫ**

2025 ж. 3 ақпан

Алматы қ.

ЦЕЛИ В ОБЛАСТИ КАЧЕСТВА

№ ЦОК-03-25

г. Алматы

**Ғылыми-редакциялық бөлімнің 2025 күнтізбелік жылға арналған
сапа бойынша мақсаттары**

Ғылыми-редакциялық бөлімнің мақсаты — халықаралық рецензияланатын *Saryn* ғылыми журналының жұмыс істеуі аясында жарияланатын басылымдардың сапасын жоғары деңгейде ұстау. Басқа мақсаттар келесі тармақтарға негізделген:

1. *Saryn* журналының редакциялық және жариялау қызметінің «Ғылыми қызмет нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдар тізбесіне қосу үшін ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы № 20 бұйрығының талаптарына нормативтік-әдістемелік сәйкестігін қамтамасыз ету, ол ішкі нормативтік базаны әзірлеу мен қолдауды, түпнұсқалықты, авторлықты, материалдар құрылымын және рәсімдердің ашықтығын бақылауды қамтиды.
2. *Saryn* журналын халықаралық индекстеу базаларына (Scopus, Web of Science, DOAJ, ERIH PLUS, EBSCO) оның академиялық рейтингі мен халықаралық танылуын арттыру стратегиясының элементі ретінде, оның ішінде ғылыми этика мен редакциялық практиканың халықаралық стандарттарына (COPE, Elsevier Publishing Ethics және т. б.) бейімдеу шеңберінде сәйкестігінің арқасында интеграциялауға дайындау бойынша жұмыс, тіркеу деректерін дайындау, өтінімдерді қолдау, техникалық және контенттік өлшемшарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету.
3. Анонимді («жасырын») рецензиялауды, сыртқы сарапшылар базасын кеңейтуді және кейіннен редакциялық сараптамамен бағалау мерзімдерін сақтауды қамтитын жоғары деңгейлі ғылыми рецензиялау жүйесін ұйымдастыру. Осы мақсат шеңберінде рецензиялау процестерін үйлестіру, рецензенттерді әдістемелік қолдау, сараптамалық бағалаудың ашықтығы мен сапасын қамтамасыз ету іске асырылады.
4. *Saryn* журналының мазмұнын авторлық және рецензенттік қатысу географиясын кеңейту, шетелдік мүшелерді редакциялық алқаға тарту, әріптестік орнату, ағылшын тілді компонентті дамыту арқылы интернационалдандыру.
5. DOI, ORCID, антиплагиат, дәйексөзді талдау және ашық қолжетімділік секілді негізгі қызметтерді біріктіре отырып, OJS заманауи редакциялық платформасы негізінде *Saryn* журналының цифрлық жариялау ортасын дамыту және техникалық қолдау. Бұл жұмыс платформаны басқаруды, модульдердің дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етуді, барлық кезеңдерде авторлар мен рецензенттерді қолдауды қамтиды.
6. Ғылыми қоғамдастықтың сенім факторы және базаларда индекстеу ретінде *Saryn* журналының электрондық және баспа форматтарындағы шығарылым кестесінің тұрақты кезеңділігін және сақталуын қамтамасыз ету. Өндірістік циклды үйлестіру, редакциялау, жобалау, беттеу, журналдың сайтында шығарылымдарды бекіту және орналастыру мерзімдерін, сондай-ақ ҚР Ұлттық кітапханасында, Консерватория кітапханасында Баспа нұсқасын бақылау.
7. Жарияланымдардың қолжетімділігін, пайдаланушылармен өзара іс-қимылды және халықаралық индекстеу жүйелерінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ететін ғылыми коммуникация үшін негізгі цифрлық ресурс ретінде *Saryn* журналының ресми сайтын дамыту және сүйемелдеу. Бұл мақсат мазмұнды үнемі жаңартып отыруды, үш тілді қолдауды, OJS, Google Scholar, Crossref, SEO-оңтайландыру платформаларымен интеграциялауды көздейді.

**Ғылыми-инновациялық қызмет,
шығармашылық даму және халықаралық
ынтымақтастығы жұмыстар жөніндегі проректордың м. а.**

Ғылыми-редакциялық бөлімінің басшысы



[Signature]

А. С. Нусупова

[Signature]

Г. З. Бегембетова